

Аудандық коммуналдық мүліктерді жекешелендіру туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 қыркүйектегі № 158 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 қыркүйекте № 3343 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қосымшаға сәйкес аудандық коммуналдық мүліктер жекешелендірілсін.
2. "Шыңғырлау ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы қаулының қосымшасында көрсетілген мүліктердің жекешелендірілуін қамтамасыз етсін;
 - 2) осы қаулыны жүзеге асыру бойынша қажетті шараларды алсын.
3. Қаулының орындалуын бақылауды аудан әкімінің орынбасары А. Есалиевке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Халелов

А у д а н

2 0 1 3

№

бекітілген

ж ы л ғ ы

1 5 8

5

ә к і м д і г і н і ң

қ ы р к ү й е к т е г і

қ а у л ы с ы м е н

Жекешелендірілетін

аудандық коммуналдық мүліктер

№	Объектілердің атауы	Мекен-жайы	Теңгерім ұстаушы	Объектілердің жай-күйі
1	Ғимарат	Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Қылышев көшесі, 105/б	"Шыңғырлау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	қ а н а ғ а т - танарлық
			"Шыңғырлау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық,	

2	Ғимарат	Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Қуантаев көшесі, 1/а	жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	қ а н а ғ а т - танарлық
---	---------	--	--	-----------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК